




МУСТАЖИМНИН
КАСИИ ШЕЕРИИ

Мұғалімнің міндеттері:



Мұғалім жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптастыра алатын, адамгершілігі жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оны түсіндіре алатын адам болуы керек.



Мұғалімге қойылатын талаптар:

Баламен
еркін, жақын
тарта сөйлесе
білуі керек;

Мұғалім
болатын адам
өзінің мінезін,
жүріс-тұры-
сын, балалар іс-
әрекетін дұрыс
ұйымдастыра
білуі керек;

Өзінің
көзқарасымен,
ым-
ишарасымен
ойын балаға
түсіндіре алуы
керек;

Жұмысты
ұйымдастыра
білуі, керек
кезде талап
қоюы шарт

Арнаулы
білім, білік
пен іскерлік-
дағдыны
меңге-
руі керек;

Мұғалім-педагогтің бейнесі:

1. Мектеп қабырғасындағы тәрбиелеу мен білім беру мазмұнын, әдіс-тәсілдерін жетік білуі, материалды түсінікті жеткізе білуі;
2. Сабақты өткізу әдістемесі-балалардың оқу-тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білуі және баланың іс-әрекетін дұрыс бағалай білуі;
3. Тәжірибелік білім-білік дағдыларды қалыптастыра білуі;

Өзінің іс-әрекетін сыни тұрғыдан бағалай білу қабілеті:

- Кәсіби біліктілікті жетілдіре білу қабілеттілігі;
- Балалармен дұрыс қарым-қатынас орнықтыра білуі;
- Ата-аналармен тіл табыса білуі;
- Сөйлеу мәдениеттілігі.

Балаларды арнайы қарапайым білім
негіздерімен
қаруландыру және дұрыс сөйлей білуге
үйрету:

- Өзінің эмоциялық көңіл-күйін басқара алуы;
- Байланыстырып сөйлеуге үйрете алуы;
- Балалардың сөздік қорын молайтуға көмек көрсете алуы;
- Педагогикалық терминдерді дұрыс, тиімді пайдалана білу дағдысы.


Жас ерекшелігі психологиясы туралы білімі:

- Балалардың басым көпшілігінің қызығушылығын туғыза білуі;
- Балалардың өздігінен дербес әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;
- Жеке-дара оқытудың әдіс-тәсілдерін пайдалана алуы.



Жаңа технологияларды пайдалана білу:

- Қазіргі іс-тәжірибелерді пайдалана білуі;
- Білім беруді дамыту бағыттарын айқындай білуі;





Мұғалімнің өз қызметінде жетістікке жетуінің шарттары:

1. Сыртқы кескін-келбеті.
2. Сабақтан тыс пәндер туралы ақпараттармен қамтамасыз етуі. Мінез-құлқын және пайымдау мүмкіндіктері.
3. Оқу тәрбие процесіндегі қарым-қатынас мәдениетін сақтай білу.
4. Педагогикалық талаптарды орындай білуі.
5. Әзіл-қалжыңға мән бере білуі.
6. Балалардың жеткен жетістігін мақұлдай, қолдай білуі.
7. Балалармен қарым-қатынас мәдениетінің болуы.
8. Шыдамдылық және төзімділік.

9. Басқалардың пікірін сыйлай білу.
10. Балалардың құпия-сырын сақтай білуі.
11. Басқа адамдарды түсіну және сезіне білу қабілеттілігі.
12. Еркіндік, икемділік.
13. Табан астындағы тосын іс-әрекетке әдіс-тәсіл қолдана білуі.
14. Байқампаздығы, бақылампаздығы.
15. Кез-келген жағдайда қарым-қатынас жасай алуы.
16. Балалардың қызығушылығына қарай әрекет ете білу дағдысы.



Мұғалім қашанда өзіне-өзі қатаң талап қойғыш, жаңашыл, ізденгіш тұлға болуға талпынуы қажет. Себебі, егемен еліміздің болашағы, ертеңі - ол бүгінгі өсіп келе жатқан өскелең ұрпақта екені бәрімізге белгілі. Осы балалардың дұрыс тәрбие алу - білімді мамандарға, педагогтерге тікелей байланысты. Мұғалім деген үлкен ұғым, сол ұғым өз деңгейінде болып, ғасырмен қатар қадам басқаны дұрыс.